

Кәсіпорынның түрлері

301- топ студенті: Меркибай Ғазиза

Мазмұны

- Кәсіпорын түсінігі, негізгі мақсаты және міндеттері
- 1.1 Кәсіпорынның ішкі және сыртқы орта элементтері
- 1.2 Кәсіпорындардың жіктелуі
- . « Қазақтелеком » кәсіпорынының түрлері
- 2.1. Компанияның сипаттамасы
- 2.2. Компанияның кәсіпорын түрлеріне талдау

- Кәсіпорын - бұл дербес шаруашылық жүргізетін бірлік, меншігінде бар еңбек құралдары көмегімен еңбек заттарын өңдеп, тұтынушыларға қажет дайын өнім шығарып, пайда алу мақсатымен оны өткізетін, кәсіби ұйымдасқан еңбек ұжымы. Әр кәсіпорын заңды тұлға ретінде қарастырылады және кәсіпорынды құру келісім шарты негізінде жұмыс істейді.

- Аралас кәсіпорын- меншік нысандары алуан түрлі кәсіпорын, оның қызметі бірлескен қызметті жүзеге асырушы серіктестердің үлеспұлдық жарналарына негізделген. Ауыл шаруашылығы кәсіпорыны - меншігінде немесе шаруашылықтың қарамағында жер, сондай-ақ, басқа да мүлік бар және өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы өнімін өндіруші, ауыл шаруашылығы өндірісіне қызмет көрсетуші заңды тұлға. Ауыл шаруашылығында шаруашылықты жүргізу нысандары - акционерлік қоғамдар, түрлі тұрпаттағы серіктестіктер, кооперативтері, ұжымдық шаруашылықтар, кеңшарлар, өнеркәсіптің, көлік, басқа да кәсіпорындар мен ұйымдардың шаруашылықаралық, қосалқы шаруашылықтары, ғылыми-зерттеу мекемелері мен ұйымдары, т.б.

- Бірлескен кәсіпорын - екі не одан көп елдің заңды тұлға құқықтары бар құрылтайшыларының (фирмаларының, компанияларының, т.б.) мүлкін біріктіру негізінде құрылған кәсіпорын. Олардың нақты нысандары: өндірістік кәсіпорындар, сауда фирмалары, енгізбелік, сервистік және басқа ұйымдар. Ынтымақтастықтың мұндай нысандары ел экономикасына шет ел капиталын тартуға, қолда бар резервтерді тезірек пайдалануға, қажетті өнімді шығаруды ұлғайтуға мүмкіндік береді, білімді, еңбек пен өндірісті ұйымдастыру тәжірибесін, басқару стилі мен әдістерін алмасуға, нарықтық қатынастар мен сыртқы рынокты игеруге жәрдемдеседі.

- Венчурлік кәсіпорын - ғылыми-зерттеулермен, инженерлік талдамалармен, жаңалықтар ашумен және енгізумен, соның ішінде ірі фирмалардың тапсырыстары және мемлекеттік қосалқы келісім-шарттар бойынша жаңа енгізілімдер жасаумен айналысатын шағын кәсіпорын.

- Муниципалдық кәсіпорын - мүлкі жергілікті бюджет қаражаты есебінен құралатын кәсіпорын. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының меншігінде болады. Тікелей шет елден қаржыландырылатын кәсіпорын - бейрезидент бірліктердің бақылауындағы кәсіпорын, бейрезидент-корпорациялардың филиалдары, шет мемлекеттердің немесе бейрезидент бірліктер топтарының бақылауындағы корпорациялар, белгілі бір экономикалық аумақта ұзақ мерзімде жұмыс істейтін бейрезидент кәсіпорындардың бейкорпоративтік бөлімшелері.

«Қазақтелеком» компаниясы

- 1994 жылы байланыс саласынан дербес шаруашылық субъектісі ретінде бөлініп шыққан “Қазақстан телекоммуникациясы” ұлттық корпорациясы негізінде 1996 жылы желтоқсанда “Қазақтелеком” ААҚ (акционерлік қоғам) болып құрылған. Акциялардың 50 пайызы мемлекетке тиесілі. “Қазақтелеком” телекоммуникациялардың барлық желісін - телефон станциялары мен кабельдік желілер инфрақұрылымын иеленеді. Қолданыстағы жабдықтарды цифрлық жабдықтарға ауыстыру жолымен байланыс жүйелерін жаңғырту, ұялы, жинақы және басқа байланыс түрлерін енгізу жұмысы өрістетілген. 2001 - 05 жылдарға арналған инвестициялардың жалпы көл. 265 млн.

- «Қазақтелеком» ұлттық акционерлік компаниясы
«Қазақтелеком» ұлттық акционерлік компаниясын құру туралы»
Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің 1994 жылғы 17
маусымдағы № 666 қаулысына сәйкес республиканың барлық
аумағында байланыс қызметтерінің кең көлемін көрсететін,
құрылып отырған ұлттық ауқымдағы акционерлік қоғамның
жарғы қорына мемлекеттік кәсіпорындардың, акционерлік
қоғамдар мен ұйымдардың мүлкін беру жолымен құрылды.
1996 жылғы наурызда көлемі 12,1 млрд. теңгені құраған жарғы
қоры шамасына акциялардың бастапқы эмиссиясы тіркелді.

КӘСІПКЕРЛІК

Көлемі бойынша:

- шағын;
- орта;
- ірі.

Ұйымдастыру ерекшеліктері бойынша:

- акционерлік;
- мемлекеттік;
- бірлескен;
- фермерлік.

Меншік нысаны бойынша:

- жеке меншік;
- мемлекеттік;
- шетелдік.

Территориялық орналасуы бойынша:

- жергілікті;
- аймақтық;
- халықаралық.

Салалық бағытына қарай:

- өнеркәсіптік;
- ауыл шаруашылық;
- құрылыс;
- сауда;
- көлік;
- байланыс
- тұрмыстық қызмет көрсету.

Ұйымдық-құқықтық нысандары бойынша:

- жекелеген кәсіпкерлік;
- өндірістік кооператив;
- толық серіктестік;
- командитті (сенім) серіктестік;
- жауапкершілігі шектеулі серіктестік;
- қосымша жауапкершілігі бар серіктестік;
- акционерлік қоғам;
- мемлекеттік кәсіпорындар.

Қызмет көрсету түріне қарай:

- өндірістік;
- коммерциялық;
- қаржылық;
- кеңес берушілік;
- делдалдық;
- сақтандыру.

- иеліксіз кәсіпорындар

Қорытынды

- Қазіргі нарықтық экономика негізінде шығарылған өнімнің сапасына басқалай талап қояды. Бұл қазіргі дүниеде кез келген кәсіпорынның өміршеңдігі, оның тауарлар нарығындағы және қызмет көрсетудегі орнықты жағдайы бәсеке жарамдылық деңгейін көрсетеді.
- Өз кезегінде бәсеке жарамдылық екі көрсеткішке байланысты - баға деңгейіне және өнім сапасы деңгейіне.
- Біздің республикада өткізіліп жатқан нарыққа көшу сапа және өнімнің бәсекеге жарамдылығы жөніндегі мәселеге жаңадан қарауға мәжбүр етеді. Егер бүгін емес, ол ертең бәсекелестік нарығының дамуы өнімнің сапалық даму серпін және деңгейін арттыруға еріксіз көндіретін болады.